

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.
Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет: Құрастыру
Тақырыбы: «Көлікке арналған тұрақ»**

**Тәрбиеші: Сүндетова Жадыра
«Балдәурен» ортаңғы тобы
Өтілетін күні:22.11.2022ж**

2022ЖЫЛ

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту



Ұйымдастырылған іс-әрекет: Құрастыру

Тақырыбы: «Көлікке арналға тұрақ»

Өгілетін күні: 22.11.2022ж

Мақсаты: Балаларға инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту.

Су, ауа, жер көліктері түрлерімен таныстыру.

Міндеті: Бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;

Заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;

Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;

Көрнекіліктер: машина, суреттері

Әдіс – тәсіл: түсіндіру, әңгімелесу, құрастыру. сұрақ-жауап.

Қолданылатын құрал: Техникалық құрал-жабдықтар, көлік түрлері, гараждар

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

Шаттық шеңбер:

Күннің көзі ашылсын

Көкке шуақ ашылсын

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздерме апайлар!

Сәлеметсіздер ме!

Тәрбиеші: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс

Жұмбақ жасыру.

Төрт аяғы дөңгелек

Қозғалады орнынан

Жүреді ол дөңгелеп

Жүйіткейді желменен

Дауысы бар гүрілдек

Машина

Өте жақсы, жарайсыңдар!

Қимылды ойын: «Өз тұрағыңды тап» (әуен қосылады)

Ойын шарты: Машинаның ролін ұстап балалар жүреді, әуен тоқтағанда рөлінің түсіне сай тұрағын табу керек.

Балалар қазір экранда әртүрлі дыбыстар шығады, ненің дыбысы екенін анықтайтын боламыз.

Бүгінгі тақырыбымыз көліктер жайлы болады. Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыздар ма?

Әңгіме: «Көліктер»

Ал енді, балалар, осы көліктермен танысайық.

Ертеде адамдар көлік ретінде жануарларды пайдаланған. Ал біздің қазақ халқы алса ат, түйе мінген.

Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді. Қазір көліктің түрлері өте көп, оларды бірнеше топқа бөлуге болады: жерде жүретін, ауада ұшатын, суда жүзетін көліктер.

Әуе көліктеріне ұшақ, тік ұшақ, зымыран, ал су көліктеріне кеме, қайық, жер көліктеріне машина, автобус, велосипед, мотоцикл т.б жатады. Жер көліктерінің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Біз бүгін сол жеңіл көліктерге тұрақтар жасап берейік.

Дидактикалық ойн: ұшады, жүзед, жүреді

Ендеше барлығымыз өз орнымызға жайлап отырайық

1- топ тұрақты ағаш кубиктерден құрастырады

2- топ тұрақты лега ойыншықтарынан құрастырады

3- топ картоннан құрастырады

Ендеше жұмыстарымызды аяқтасак онда жианалып бойымызды сергітіп алайық

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрып

Қанатымызды жайып

Ұшақ болып ұшып,

Суда жүйткіп жүзіп

Кемелерді түзіп

Жол тәртібін сақтап,

Машинаға мінеміз.

Музыка ырғағымен қимылмен жасаймыз.

«Бағдаршам» ойыны:

Ойын шарты: Бір бала «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балар бір қадым артқа, сары түс көтергенде орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түс көтергенде, бір адым алға жылжиды.

Балалар, көліктердің қандай пайдасы бар?

- Балалар өз пікірлерін айтады.
- Ал зиянды жағын кім айтады?
- Балалар пікірі.
- Қоршаған ортаны қорғау үшін көшелерге не отырғызылады?
- Балалар жауабы.
- Көліктерде мәдениеттілікті, әдептілікті қалай жасаймыз?
- Балалар жауабы
-

Тапсырмалар: Балалар екі топқа бөлінеді: Пойыздар тобы және ұшақтар.

1. **Пойыздар тобы:** вагондарды рет-ретімен орналастырады

2. **Ұшақтар тобы:** әр түрлі пішіндерден көліктер құрастырады.

Балалар енді өзіміздің балабақшамызға оралатын уақытымыз болды

Қорытынды:

-Көліктің қандай түрлері болады?

-Адамға көлік не үшін қажет?

-Жолда жүру тәртібі не үшін қажет?

-Не құрастырдыңдар, балалар?

- Бізге қонаққа кім келді?
- Балалардың жауабы.
- Балалар сендер бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар.
- Жарайсыңдар, балалар! Осымен бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды. Келген қонақтармен қоштасамыз. Қош сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

«бір, «көп» ұғымдарын ажыратады;

Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді,

Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;

Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады.

Тексерілді: Аман